**ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ КОМИТЕТІ**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**КОМИТЕТ ПО КОНТРОЛЮ И НАДЗОРУ ФИНАНСОВОГО РЫНКА И ФИНАНСОВЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ**
НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы к., Әйтеке би көшесі, 67
тел.: (727) 2788025, факс: (727) 2725297
E-mail: kfn@nationalbank.kz

050000, г. Алматы, ул. Айтеке би, 67
тел.: (727) 2788025, факс: (727) 2725297
E-mail: kfn@nationalbank.kz

05.02.13г № 668/120/633/310-101/Т

**АО «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук»**

*010000, г. Астана, ул. Д. Кунаева, 12/1, 208 офис*
*Тел. 8 7172 55 90 90*

*На исх. №03/01-13/135 от 29.01.2013г.*

Комитет по контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций Национального Банка Республики Казахстан (далее – Комитет), рассмотрев письмо АО «**Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук»** (далее - Общество) от 29.01.2013г., касательно выдачи копии проспекта выпуска акций, направляет копию проспекта выпуска акций Общества, зарегистрированного 25.02.2009г.

*Приложение на 29 л.*

**Председатель Комитета** **К. Кожахметов**

204
13 08 02
1+29

*Исполнитель: Канапьянова А.Ж., тел: (727) 2788-008.*

000744
НК ЭКОЖАН

# АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Акционерлік қоғамның атауы:

Толық атауы: «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
Қысқартылған атауы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ

«Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектісінде жазылған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар ұсынуды білдіреді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келуі үшін ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғасы осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және қоғамға және оның орналастыратын акцияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды».

# 1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

**2. Акционерлік қоғамның атауы.**

| | **Акционерлік қоғамның толық атауы:** | **Акционерлік қоғамның қысқартылған атауы:** |
|---|---|---|
| Мемлекеттік тілде: | «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы | «Тау-Кен Самұрық» АҚ |
| Орыс тілінде: | Акционерное общество «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук» | АО «Тау-Кен Самрук» |
| Ағылшын тілінде: | Joint-stock company «Tau – Ken Samruk» National Mining Company» | JSC «Tau – Ken Samruk» |

**3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет.**

| | |
|---|---|
| Акционерлік қоғамның мемлекеттік қайта тіркеу куәлігінің нөмірі және күні | № 32952-1901-АҚ, 2009 жыл ақпанның 02–сі |
| Акционерлік қоғамның тіркеуін жүзеге асырған органның атауы | Әділет Министрлігінің Астана қаласы бойынша Әділет Департаменті. |

**3-1. Салық төлеушінің тіркеу номері.**

СТН 620 300 315 767

**4. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефоны мен факстің нөмірі, электронды почтаның мекен-жайы туралы ақпарат.**

| | |
|---|---|
| заңды мекен жайы | Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 11 үй, 911 бөлме. |
| мекен жайы | Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 11 үй, 911 бөлме. |
| Байланыс телефон, факстің номерлері | тел.: + 7 (7172) 79 26 65<br>моб. телефон: +7 707 999 7001 |
| электрондық почтаның мекен жайы | жоқ |

**5. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері.**

| |
|---|
| «Қазақстанның Халық Жинақ Банкі» АҚ Астана (119900) аймақтық бөлімшесінде ұлттық валютасындағы ағынды жинақ есепшоты:<br>045467513 KZT<br>Кбе 17<br>СТНН 031400075489<br>БИК 195301603 |

**6. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері:**

Жарғының 17 тармағына сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ негізгі қызметінің түрлері:

1. қатты пайдалы қазбаларды барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өндеу және сату, оның ішінде:

- қара металлдар (темір, марганец, хром кендері) кенорындарын барлау және өндеу;
- түсті металлдарды барлау және өндеу;
- алтын кен орындарын барлау және өндеу.

2. минералды шикізат пен техногендік минералдық түзілімдерді барлау және өндеу;
3. түсті, қара, сирек кездесетін, жерде аз кездесетін металлдарды және олардан жасалатын бұйымдарды жасап шығару;
4. кендік емес заттарды өндіру мен қайта өндеу;
5. тау-химиялық шикізаттарды өндіру және қайта өндеу;
6. алтын және басқа асыл металдар және олардан жасалатын бұйымдар жасап шығару;
7. жарылғыш заттарды және жарылу саймандарын жасап шығару;
8. бұрғылау-жару жұмыстарын атқару;
9. тау-металлургия саласында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және инжинирингтік жұмыстарын атқару;
10. құрылыс пен жөндеу-құрылыс жұмыстарын атқару;
11. құрылыс материалдары мен олардан жасалатын бұйымдарды жасап шығару;
12. инвестициялық қызмет;
13. инновациялық қызмет;
14. сыртқы экономикалық қызмет;
15. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызметті жүзеге асыру.

Заңнамада белгіленген тәртіппен алу қажет лицензияны немесе рұқсаттың өзге түрін талап ететін қызмет түрлерін «Тау-Кен Самұрық» АҚ тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

**7. Акционерлік қоғамға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәлімет**: акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

**Қаржы агенті мәртебесін иеленгені жөнінде мәлімет:** акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

**8. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайлары:** акционерлік қоғам жаңадан құрылған, филиалдар мен өкілдіктер тіркелмеген.

**9. Акционерлік қоғамның соңғы аяқталған үш қаржы жылдың қаржылық есебіне аудитті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымдардың, олардың тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, толық ресми атауын көрсету (аудитордың аты-жөні, бар болса - әкесінің аты):** Акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

**Тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, соңғы аяқталған үш қаржы жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы:** Акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

**Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттардың бұзылуы орын алған жағдайда, тараптардың қайсысы бастамашы болғаны жөніндегі ақпаратты көрсете отырып, шарттың бұзылу себептері туралы ақпаратты ұсыну қажет:** Акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

**10. Қоғамның корпоративтік басқару кодексін қабылдау күні.**

Жарғының 70 тармағының 2) тармақшасына сәйкес корпоративтік басқару кодексінің қабылдануы қарастырылған, бірақ акционерлік қоғам жаңадан құрылғандығына байланысты корпоративтік басқару кодексі әзірлену сатысында.

**10-1. Акцияларды қоғам сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы бекіткен күн.**

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы акцияларды қоғам сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2009 жылғы 30 қаңтар № 46 бұйрығымен бекітілген.

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

**11. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі:** «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесі құрылмаған.

**12. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері:** «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің комитеттері құрылмаған.

**13. Акционерлік қоғамның алқалы атқару органы**: «Тау-Кен Самұрық» АҚ алқалы атқару органы сайланбаған.

**14. Соңғы қаржы жылы ішінде проспектінің 11, 12 тармақтарында көрсетілген қоғамның тұлғаларына төленген және берілген сыйақының және жалақының, сонымен қатар жеңілдіктердің жалпы сомасы:**

Акционерлік қоғам жаңадан құрылған ақпарат жоқ.

**15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы:**

1) **акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері:** «Тау-Кен Самұрық» АҚ бекітілген штат кестесі бекітілмеген.

2) **акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілеттіктері қызметкерлерінің жалпы саны:** күтетін орташа адамдар саны – 70 адам.

3) **акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін акционерлік қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны және олардың процентпен орналастырылған акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі:** «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметкерлері қоғамның акцияларын иеленбейді.

4) **акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы)** : «Тау-Кен Самұрық» АҚ бекітілген штат кестесі бекітілмеген.

5) **филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы):** «Тау-Кен Самұрық» АҚ филиалдары мен өкілдіктері тіркелмеген.

**16. Қоғамның құрылтайшылары немесе акционерлері.**

| *Акционер болып табылатын заңды тұлғаның толық атауы* | *Акционер болып табылатын заңды тұлғаның орналасқан жері* | *Құрылтайшы алдын-ала төлеген акциялардың саны (дана)* |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті. | Қазақстан Республикасы, пошталық индекс: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11 үй. | 63 650 (алпыс үш мың алты жүз елу) жай акций. Құрылтайшы төлейтін акциялардың номиналдық бағасы 1000 (бір мың) тенге болып табылады. |

**17. Қоғам ірі акционері болып табылатын не ұйымның жарғылық капиталында он және одан да көп үлесі бар ұйымдар туралы мәліметтер:**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ ұйымдардың жарғылық капиталында он және одан да көп үлесін иеленбейді және ірі акционер болып табылмайды.

**18. Қоғам қатынасатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ жарияланған акциялардың шығарылымын тіркеу сәтінде өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарда, холдингтерде, концерндерде, қауымдастықтарда, консорциумдарда қатыспаған.

**19. Акционерлік қоғамның басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет.**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ аффилиирленген тұлғалары жоқ.

**20. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер.**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасалған жоқ.

## 3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

**21. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаты, акционерлік қоғамдарға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.**

**<u>Негізгі қызмет түрлерінің сипаттамасы:</u>**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы №10 қаулысымен құрылған.

1) қатты пайдалы қазбаларды барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өндеу және сату саласындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиімді қызметті қамтамасыз ету;

2) қоғамға берілетін тау-кен металлургия саласы кәсіпорындарының акциялар пакеттерін тиімді басқару;

3) тау-кен металлургия өнеркәсібінде ғылымды қажетсінетін және тиімді жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;

4) республиканың минералдық шикізат базасын ұдайы өндіру, кен орындарының баланстан тыс қорын игеру;

5) техногендік минералдық түзілімдерді қайта өндеу;

6) залалды кеніштер мен қоймаларды тарату және консервациялау, су төкпе қызметі.

«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ тау-металлургиялық тік интеграцияланған, қосылатын бағалардың бауларының буындарының барлығында қызмет жүргізетін холдинг болып табылады, оның ішінде:

- геологиялық барлау жұмыстарын өткізу;
- кен орындарын өндеу жұмыстарын ғылыми-техникалық, проекттік сүйемделеу;
- қатты және жалпытаралған пайдалы қазбаларды өндеу мен қайта өндеу;
- продукцияны өткізу;
- техногендік минералдық түзілімдерді қайта өндеу;
- залалды кеніштер мен қоймаларды тарату және консервациялау.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ және де Қазақстанның тау-металлургиялық кәсіпорындарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерін (ENRC PLC (акциялардың 11,65%) KFZAKHMYS PLC (1 акциялардың 4,99%), АО «Майкаинзолото» (акциялардың 25%), ғылыми-зерттеу институттарды, және де қатты және пайдалы қазбалар кен орындарын өндеу мен пайдаланудағы бірлестік жобаларының ішінде бірлескен кәсіпорындарындағы қатысу үлестерін басқаруды іске асырумен айналысады.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметі келесі салалық басыңқылықтармен сәйкес іске асырылады:

1) Алтын кен орындарын зарарлы қоспалардың (күшәла) бар болуында технологиялық байыту регламенттерді өндеу тәсілімен игеру.

2) Ферроқорытпаларды шығару – Екібастұз кесіктерінің көмірдік селекциясы негізінде ферросиликоалюминий және Қазақстанның марганецтік кен орындарының негізінде ферросиликомарганец.

3) Сирек кездесетін және жерде сирек кездесетін (вольфрам, ниобий, рений, т.б.) металлдарды шығару.

4) Қара металлдар кендері кенорындарын игеру (темір, марганец) оның ішінде фосфор, титанды жоғары қамтитын теміркендері кен орындарын зарарлы қоспалардың бар болуында технологиялық байыту регламенттерін өндеу тәсілімен, келесідегі металлургиялық өндірістерді ұйымдастырумен игеру.

5) Кен денелерінің терең жатысымен (100 м-ге дейін және одан аса) үлкен терендіктерден пайдалы қазбаларды алудағы жаңа технологияларды шығару тәсілімен боксит кен орындарын барлау және өндеу.

6) Көмір және асыл, қаптамалық, құрылыстық тастар кен орындарын игеру.

**Негізгі бәсекелестер:**

Қазақстан Республикасында «Тау-КенСамұрық» АҚ негізгі бәсекелестері болып тау-металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары: «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, ENRC және Қазақмыс корпорациялары, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, «Қазмырыш» АҚ – аршылған мырыш өндіруден жетінші, «Южполиметалл» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ, «Жезқазғансирекмет» РМК, «Қостанай минералдары» АҚ – асбест өндіруден үшінші.

1) «АрселорМиттал Теміртау» АҚ

Кәсіпорын толық металлургиялық топтамаға ие және түрлі өнімдерді өндіруде маманданады: шойын, мырыш, қақталған қаңылтыр, ақ қалайы, мырыштанған қаңылтыр, кокс және жанама химиялық өнімдер.

Кәсіпорын меншіктік шикізат қорына ие, және оларға келесілер кіреді: «Өркен» ЖШС, (Лисаковск кен орны, Лисаковск), «Тоғай» ЖШС (Кентөбе кен орны Кеңтөбе), «Өркен» ЖШС («Қаражал» кен орны Қарағанды облысы).

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ экспорттық жағрафиясына 45 астам алыс шет елдері және 9 ТМД елдері кіреді.

Металлургиялық өнімдерінің негізгі импорттаушы-елдер болып Ресей, Қытай, Иран табылады. Осы елдерге жеткізілімдер көлемі кәсіпорынның жалпы жеткізілімдерінің 50% аса бөлігін құрайды.

2008 жылы кәсіпорын пайдалануға қуаттылығы жылына 450 мың тонна сорттыққақтау өндірісін енгізді.

2) ENRC тобы:

ENRC тобы құрамына: «ТНК Қазхром» АҚ, «ССТӨБ» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Қазақстан электролиздік зауыты» АҚ, «Еуразиялық Энергетикалық Корпорациясы» АҚ, «Жайрем ТБК» АҚ кіреді.

«ТНК Қазхром» АҚ:

Кәсіпорынның негізгі қызметіне хром кенін өндеу және өткізу, және де феррокорытпаларды өндіру кіреді. Кәсіпорын төрт негізгі өндірістік бөлімшелерден тұрады:

Ақсу феррокорытпалар зауыты – хром, силиций, марганец қорытпаларын өндіру.

Ақтөбе феррокорытпалар зауыты – хром, силиций қорытпаларын өндіру.

Дон тау-байыту комбинаты (ДТБК) – ашық кеніштерден және жерасты шахталардан хром кенін өндеу, феррокорытпаларды өндіруде қолданылатын және жарым-жартылай тура іске асыру, оны қайта өндеу мен байыту.

«Жайрем ТБК» – феррокорытпаларды өндіруде пайдаланылатын марганец кенін өндеу мен қайта өндеу.

«Қазхром» ТНК 16 мың жұмыскер жұмыс істейді, жалпы орнатылған қуаттылығы 850-920 МВА 40 электрошақтары орнатылған.

Өндіру және өткізу көлемі бойынша, компания әлемнің феррохром нарығында Samancor және Xstrata -дан кейін үшінші орын алып отыр. «Қазхром» ТНК өнімдері әлемнің негізгі феррокорытындылар нарықтарының барлығында сатылады, оның ішінде АҚШ, Европа; және де Оңтүстік-шығыс Азия (Жапон, Оңтүстік Корея, Қытай, Тайвань). Өндірілетін қорытындылар тізімдемесіне, феррохромның бар маркаларынан тыс: жоғарыкремнийлі ферросилиций, ферросиликохром, төменфосфорлы силикомарганец кіреді.

Соколов-Сарбай тау-байыту өндірістік бірлестігі (ССТӨБ):

Кәсіпорынның еншісіне Қазақстандағы темір кен өндірімінің 80% жуық келеді. Кәсіпорынның жұмыскерлерінің саны 16,6 мың адам құрайды.

Кәсіпорын теміркендік шоғыр, офлюстенген окатыштер, шикі жаншылған кен өндеу, доломит, әктас және қиыршықтас өндіреді. ССТӨБ құрамына Соколов, Сарбай, Қашар және Құржұнкүл теміркендік карьерлер, Соколов жерасты кеніші, Алексеевск доломиттік және Қызылжар әктас карьерлері, кендайындау кешені, жөндеу-механикалық зауыты, ЖЭС және басқа бөлімшелер кіреді.

Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы: шикі кен өндеуде – жылына 33,6 млн. тонна; шоғыр өндіруде – жылына 14,1 млн. тонна; окатыштер өндіруде – жылына 8,8 млн. тоннаны құрайды.

Кәсіпорынның өнімдері «Миттал Стил Теміртау» АҚ, Ресейге, «Магнитогорский металлургический завод» АҚ, Қытайға жеткізіледі.

«Қазақстан алюминийі» АҚ:

Кәсіпорын құрамына Павлодар алюминий зауыты, Краснооктябрьск боксит кенбасқармасы, Торғай боксит кенбасқармасы, Керегетас кеніші, ЖЭС және басқа бөлімшелер кіреді.

Кәсіпорынның негізгі қызметі болып металлургиялық сазтопырақ, тазалығы жоғары металлдық галий мен күкіртқышқыл алюминий, отқа шыдамды саз, әктас алу мақсатымен минералдық шикізатты өндеу мен кешенді қайта өндеу табылады.

«Қазақстан алюминийі» АҚ балансында 8 кен орындары бар. Қазіргі уақытта: Аят, Белинск, Краснооктябрьск, Арқалық, Төменгі- мен Жоғарғы-Ашут кен орындары өнделуде. Өндеу жұмыстары ашық тәсілмен жүргізілуде.

Кәсіпорынның сазтопырақ өндеуде өндірістік қуаттылығы жылына 1,5 млн. тонна сазтопырақ құрайды. Кәсіпорынның қызметкерлер саны тізімге сәйкес 12 252 адам.

Өнімдер (сазтопырақ) «Красноярский алюминиевый завод» ААҚ (Красноярск қ-сы), «Братский алюминиевый завод» ААҚ (Братск қ-сы), «Новокузнецкий алюминиевый завод» ААҚ (Новокузнецк қ-сы), Қытай алюминий зауыттарына, «Тәжік алюминий зауыты» ААҚ жеткізіледі. Галий ENRC Marketing AG сауда бөлімшесі арқылы Жапонияға өткізіледі.

Қазіргі уақытта кәсіпорын Қазақстан электролиздік зауытының екінші кезегінің құрылысы жүргізілуде. Жобаның бағасы – 505 млн. АҚШ долл. Жіберілу уақыты 2012 жыл.

3) «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС:

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мыс және поллиметалл кендерін өндеу мен қайта өндеуде, аршылған мыс, металлдық мырыш, басқа түсті металлдарды өндіруде орасан зор кәсіпорын болып табылады.

Корпорация тауарлық өнімдердің келесі атауларын өндіреді: катодтық мыс, аффинаждалған күміс, аффинаждалған алтын, металлдық мырыш, қорғасындық қоқым, күкірт қышқылы, сирек кездесетін металл тұздары. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мыс өндіру көлемінен әлемнің орасан зор компанияларының алғашқы ондығына кіреді.

Корпорацияның осыдан басқа қызмет түрлері: электр және жылу электроенергиясын өндіру мен өткізу, ғылыми-зерттеу, жобалық-іздеу, тәжрибелік-конструкторлық жұмыстар, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс, жүк және жолаушы тасымалы.

Корпорацияның өндірістік қорына: 24 жерасты және ашық өндеу кеніші, 9 байыту фабрикасы, 2 мыс қайнату және 1 мырыш зауыты, мыс катанкасын өндіру зауыты, бірнеше жөндеу-механикалық зауыт, шахтақұрылысы және құрылыс-монтаж трестері, кешенді ғылыми-зерттеу орталығы, 2 көмір кесігі, 3 жылу электростанциясы, дамыған инфрақұрылым, оның ішінде автомобильді, теміржол, әуе көліктері, осы күнгі телекоммуникациялар желілері жатады.

Корпорацияның құрамына: Жезқазған тау-металлургия комбинаты; «Балхашцветмет»; Жезкент тау-байыту комбинаты; ШығысҚазМыс; «Карагандацветмет» ӨБ, Қарағанды құю-машина жасайтын зауыт; Қарағанды құю зауыты; Германиядағы «Mansfelder Kupfer and Messing» (МКМ) мыс және мыстан шығарылатын өнімдер өндіретін тәуелді Компания.

Корпорация Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының аумағында 40 пайдалы қазба кен орындарын игеріп жатыр. Осы кен орындарында әртүрлі пайдалы қазбалар өнделеді: мыс, мырыш, қорғасын, алтын, күміс және басқа металлдар, көмір, әктас, саздақтар, құрылыс тасы, құрылыс құмы, саздар, қаптау тас, құм-қиыршықты қосындылар, жерасты сулары. Кен орындары баланстық кендердің едәуір қорына ие, олардың игерілуі ҚР Үкіметімен жасасқан 35 жер қойнауын пайдалану келісімшарттының аяқталуынан ұзақ созылуы ықтимал.

Корпорацияда 70 мыңға жуық адам жұмыс істейді.

4) «Қазмырыш» АҚ:

«Қазмырыш» акционерлік қоғамы 1997 жылы төрт ірі тау-байыту және металлургиялық компаниялар базасында құрылған: «Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты» АҚ, «Лениногорск полиметалл комбинаты» АҚ, «Зыряновскқорғасын комбинаты», Текелі тау-байыту кешені және Бұқтарма гидроэнергетикалық кешен.

Қазіргі уақытта «Қазмырыш» АҚ көп профильдік тік интеграцияланған, өндірісі циклы аяқталған тау-металлургиялық кәсіпорыны: кен өндеуден дайын өнімдер өндіруге дейін.

«Қазмырыш» АҚ келесі қызметтерді іске асырады: металлдық мырыш, аршылған қорғасын, аффинаждалған алтын және күміс, мыс концентратын, күкірт қышқылын өндіру және электр және жылу энергифясын өткізу.

«Қазмырыш» АҚ құрамына Лениногорск тау-байыту кешені, Зыряновск тау-байыту кешені және құрамына Өскемен қорғасын, Лениногорск мырыш зауыттары, және де қосалқы цехтер кіретін Металлургиялық өндірімдер кіреді.

5) «Южполиметалл» АҚ:

«Южполиметалл» АҚ қорғасын мен ілеспелі түсті және сирек кездесетін металлдардың өндіруші ірі кәсіпорын. Қорғасын, висмут, сирек кездесетін металл, күкіртқышқыл ондіріс, таза металлдар алу, жоғары тазалық қорғасын қышқылдары, қорғасын ұнтағы және қорғасын прокаттайтын, және де күміс пен алтын қорытпасын шығару цехтерін біріктіреді.

Аршылған қорғасын өндіретін зауыттын қуаттылығы жылына 140 мың тоннаны құрайды.

Кәсіпорынның өндірістік құрылымы агломерациялық цех, балқыту цехы, аршу цехы, химиялық-металлургиялық цех, сирек кездесетін металлдарды шығаратын гидрометаллургиялық цех, қоқымұстаушы цех, күкіртқышқылдық цех, қышқылдар өндіретін химиялық-металлургия цехтен тұрады. Құрамына Турланская шахтасы және қуаттылығы жылына 27 мың тонна мырыш вельцқышқылын өндіретін металлургиялық цех кіретін Ащысай кеніші және қуаттылығы жылына 4,5 млн. тонна Кентау байыту фабрика кіреді.

Кәсіпорында қоқысты ысырапсыз қайта өндеу технологиясының, және де қоқымда марганец кенімен бірге қайта өндеудің өнеркәсіптік сынағы өткізілуде, осылар сирек кездесетін металлдарды шығаруды, өнімдердің тауарлығын көтеруді дәсерлетті. Тазартатын ерітпелерден рений өндіру технологиясы еңгізілген.

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» АҚ негізгі қызмет түрі болып алтынкен кен орындарын өндеу болып табылатынын еске ала отырып, және Қазақстанда келесі алтын өндеуші компаниялардың бәсекелестігін есепке алу жөн: «Қазмырыш» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Алтыналмас» АҚ, «Андас Алтын» АҚ, «Алел» БК, «Қазақалтын» АҚ, «Майқайыналтын» АҚ, «Васильковск ТБК». Қазақстанда аффинаждық қуатттылыққа «Қазмырыш» АҚ (жылына 50 тонна алтын мен 1 мың тонна күміс) және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС (жылына 10 тонна алтын мен 1 мың тонна күміс) ие.

Әлемдік тау-металлургия нарығында келесі негізгі бәсекелестерді атап көрсету қажет:

BHP Billiton – әлемдегі ең ірі темір кен, мыс, алюминий, никель және көмір өндірушісі. Едәуір кен қорына ие.

Rio Tinto - әлемдегі ең ірі мыс, уран, алюминий және алтын өндірушісі.

Anglo-American – ірі платина, алмас, көмір, базалық металлдар, қара және кең таралған металлдр өндірушісі.

Xstrata – Австралия, Америка, Оңтүстік Африка және Европада бөлімшелері бар, транснационалдық компания, ірі мыс, никель, мырыш, көмір және ферроқорыиылымдар өндірушісі.

Vedanta Resources PLC (Үндістан) – алюминий, аршылған мырыш, мыс өндірушісі.

ERAMET (Франция) – никель, марганец және ферроқорыиылымдар өндірушісі.

International Ferro Metals (Оңтүстік Африка) – феррохром өндірушісі.

New World Resources (Чехия, Польша) - көмір өндірушісі.

Antofagasta PLC – Чилидегі карьерлері бар мыс, молибден өндірушісі.

KGHM – Польшадағы мыс пен катодтық күміс өндірушісі.

Talvivaara Mining – Финляндиядағы никель, мыс, мырыш және кобальт өндірушісі.

Норильский Никель – ірі никель, мыс, палладий, басқа платина тобы металлдары өндірушісі.

Norsk Hydro - әлемдегі ең ірі алюминий өндірушісі.

Lonmin PLC - әлемдегі ең ірі платина өндірушісі (Оңтүстік Африка).

Aquarius Platinum – платина өндіруде маманданатын компания.

Peter Hambro Mining PLC – Ресейлік алтын өндейтін кәсіпорын.

Fresnillo – алтын мен күміс өндірушісі Мексикада карьерлерге ие.

**22. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ негізгі қызмет түрлері ішінде сатылымдар тиімділігіне әсер тигізетін факторлар мыналар болады:

1) әлемдік және ішкі нарықтарда металлдар және басқа минералды шикізат түрлері бағасының тербелуі, осы нарықтарда бағалардың өсу немесе түсу тенденциясы;
2) әлемдік экономика және аумақтардың өсуінің циклділігіне тәуелді әлемдік және ішкі нарықтарда металлдар және басқа минералды шикізат түрлеріне сұраныстын тербелуі;
3) өндірістің өзіндік бағасы;
4) минералдық шикізат сапасы;
5) еңбек, электрэнергиясы мен тасымалдау тарифтерінің (Ресейге, Қытайға) бағасы;
6) жаңа өндіріс шығару мен жұмыс істеп тұрған өндірісті сүйеу мақсатындағы капиталды шығындар көлемі;
7) Ресей және Қытай шекараларындағы кеден баждарының өсуі;
8) Өнімдердің негізгі түрлеріне тапсырыс концентрациясының дәрежесі.

**23. Қоғам иеленетін лизензиялар (патенттер) және олардың әрекет ету мерзімі, зертеуге және әзірлеуге шығындары, соның ішінде қоғам қаржыландыратын зерттеулік жобалар:**
«Тау-Кен Самұрық» АҚ лицензиялары (патенттері) жоқ.

**24. Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі**: «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңадан құрылған, ақпарат жоқ,

**25. Өз өнімдерін (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қоғамның қызметі.**
«Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңадан құрылған, ақпарат жоқ,

**26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:**

1) **маусымдық сипаты бар қызмет түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы табысындағы үлесі:** «Тау-кен Самұрық» АҚ көрсетілетін қызметтер маусымдық сипатпен байланысты емес.

2) **акционерлік қоғамға өткізілетін өнімдердің жалпы көлеміндегі (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстар,қызметтер) импорт үлесі және акционерлік қоғам экспортқа өткізетін жалпы көлеміндегі өнімдер (жұмыстар,қызметтер) үлесі:** Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

3) **акционерлік қоғамның сот ісетері қарауына қатысу туралы мәліметтер:** Тау-Кен Самұрық» АҚ сот істері қарауына қатыспаған.

4) **акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті органдар және/немесе сот салған әкімшілдік шаралар туралы мәліметтер:** Тау-Кен Самұрық» АҚ және оның лауазымды тұлғаларына әкімшілдік шаралар салынған жоқ.

**5) тәуекел факторлары:**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ активтерінің нарықтық бағасына және оның қызмет ету нәтижелілігіне келесі тәуекел факторлары әсерін тигізеді:

1) «Тау-Кен Самұрық» АҚ жер қойнауын пайдалану құқы берілетін кен орындарында кен қорының нақты молшері мен сапасы бағалау мәліметтеріне сәйкес болмауы мүмкін;

2) Әлемдік және ішкі нарықтарда «Тау-Кен Самұрық» АҚ өндіретін металлдар және басқа минералды шикізат түрлері бағасының тербелуі;

3) Ақша айырбастау курсының тербелуі, әсіресе, теңгенің долларға;

4) Әлемдік металлдар нарығында бәсекелестіктін артуы, нарыққа жаңа ойыншылардың әсіресе дамып келе жатқын елдердің шығуы, негізгі компаниялармен өндірісті кеңейту мақсатында жасалатын ірі масштабты капиталды салулар бағдарламаларының орындалуы.

5) Электрэнергиясы мен тасымалдау қызметтеріне тарифтерідің өсуі. Осы қызметтер түрлерін көрсетуде бөгелістер, оларды көрсетуден бас тарту;

6) Қазақстан, Қытай, Ресей теміржолдарының өткізу қабілеттілігінің шектеулілігі;

7) Қазақстан Республикасында еңбек төлемдері бағасының өсуі;

8) Істеп тұрған өндіріс дәрежесін керекті деңгейде ұстап тұруға қажетті «Тау-Кен Самұрық» АҚ капиталды салулар мерзімдері, басқа шарттардың толық емес түрде орындалуы;

9) Тапсырушылардың келісімшарт міндеттерін бұзуы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ өндіретін өнімдерді сатып алудан бас тартуы;

10) «Тау-Кен Самұрық» АҚ өндіретін өнімдердің негізгі тұтынушысы жақын жердегі елдер (Қытай, Ресей) экономикаларының циклділігі;

11) ENRC PLC, Kazakhmys PLC, «Майқайыналтын» акцияларынан және басқа «Тау-Кен Самұрық» АҚ құрамына берілетін активтердің акционерлік бағасы мен дивидендтердің төленуінің төмендеуі;

12) Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар мен нормативті құқықтық актілердің бұзылуы, осылар орасан зор айыппұлдарға, басқа ықпалшараларға әкеп соқтыруы мүмкін;

13) Өндірістерде алдын-ала ескерілмеген жағдайлардың пайда болу тәуекелдері, оның ішінде өндірістерде қайғылы оқиғалар, ереуілдер, құрал жабдықтардың сынуы, экологиялық қатерлер, экстремалды ауа райы жағдайлары басқа факторлар;

14) Өндірістердегі қайғылы оқиғалар және талаптар өтемдерін төлеу тәуекелдері. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы туралы заңнамаларды орындауға байланысты қосымша капиталды шығындар;

15) «Тау-Кен Самұрық» АҚ туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз сын пікірлер мен басқа да бұқаралық шағымдар;

16) Контрагенттердің «Тау-Кен Самұрық» АҚ өнімдерін жеткізу келісімшарттары бойынша өз міндеттерін орындамау тәуекелдері;

17) Маңызды жоғарымамандырылған кадрлердің, оның ішінде маңызды басқарушы жұмыскерлердің кетуі;

18) Жер қойнауын пайдалану және салық салуға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамаларының өзгеруі.

## 4. ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ

**27. Инвестициялар**

Басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестийциялар жасалған жоқ. Портфельдің құрамы және басқа да инвестициялар жөнінде ақпарат жоқ, өйткені «Тау-Кен Самұрық» АҚ жанадан құрылған.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ инвестициялық портфельді басқару, басқа ұйымдардың капиталына қатысуы жөніндегі стратегиясы бекітілмеген, өйткені «Тау-Кен Самұрық» АҚ жанадан құрылған.

**28. Дебиторлық берешек:** жоқ

**29.Активтер.**

Екінші деңгейдегі банкте ақшаның мөлшері 63 650 000 (алпыс үш миллион алты жүз елу мың) теңге.

**30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер.**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ төленген жарғылық капиталы-63 650 000 (алпыс үш миллион алты жүз елу мың) теңге.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ жеке капиталы-63 650 000 (алпыс үш миллион алты жүз елу мың) теңге.

**31. Заемдар:** «Тау-Кен Самұрық» АҚ облигацияларды шығарған жоқ, банктік заемдарды алған жоқ, кредиттік желілер ашқан жоқ.

**32. Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған авансатр):** жоқ.

## 5. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**33. Акциялар туралы мәлімет.**

| | |
|---|---|
| Акциялардың жалпы саны және түрлері | 63 650 дана, жай атаулы акция |
| Құрылтайшылар арасында орналастырылған акциялардың саны, түрлері | 63 650 дана, жай атаулы акция |
| Құрылтайшылар төлейтін бір акцияның нақты бағасы | 1 000 (бір мың) теңге |
| Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері: | қолданылмайды |

**34. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары.**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ айырбасталатын акцияларды шығарған жоқ.

**35. Төлем агенті туралы мәліметтер.**

«Тау-Кен Самұрық» АҚ төлем агенті жоқ.

**36. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет.**

Тіркеушінің толық атауы: «Бірінші тәуелсіз тіркеуші» Акционерлік қоғамы.
Тіркеушінің қысқартылған атауы: «Бірінші тәуелсіз тіркеуші» АҚ
Орналасқан жері: Астана қаласындағы филиал - 010000, Астана қаласы, Бараев көшесі, үй 21, п. 130.
Байланыс телефоны: (87172) 21 83 80, 21 97 74.
Лицензия жөнінде деректер: Бағалы қағаздар ұстаушысының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия № 0406200360, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу агенттігімен 2005 жылғы 05 мамырда берілді.
Тіркеушілермен жасалған шарттың күні және нөмірі: шарт №135, 2009 жылы 13 қантар

## 5. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

**37. Акциялар шығаруға шығындардың сомасы:** «Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялар шығаруға кеткен шығындары жоқ.

**38. Инвесторларға арналған ақпарат.**

Инвесторлар қоғам жарғысының және акция шығару проспектісінің көшірмесімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен және қоғамның іс-әрекеті туралы басқа да ақпаратпен келесі мекен-жай бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11 үй, 911 бөлме және бұқаралық ақпарат құралдарында: газеттер «Казахстанская правда» және «Егемен Казахстан».

**Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің**
**2009 жылғы 30 қаңтардығы № 46**
**бұйрығына сәйкес уәкілетті тұлға** **С. Рақымов**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің
2009 жылғы «___» ________
бұйрығымен
**БЕКІТІЛГЕН**

**«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау**

# ӘДІСТЕМЕСІ

1. Осы әдістеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және «Тау-Кен. Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Тау-Кен Самұрық» АҚ) акцияларының құнын анықтайды.

2. Осы әдістеме «Тау-Кен Самұрық» АҚ өзі орналастырған акцияларды сатып алуы кезінде:

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ бастамасы бойынша;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Жалғыз акционердің талап етуі немесе өтініші бойынша;
- сот шешімі бойынша қолданылады.

3. «Тау-Кен Самұрық» АҚ өзі орналастырған акцияларды сатып алу тәртібі мен шектеулері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

4. «Тау-Кен Самұрық» АҚ акцияларды мынадай әдістеме бойынша анықталған құны бойынша:

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ өз капиталының мөлшерін, оның даму перспективаларын, «Тау-Кен Самұрық» АҚ нормативтерді сақтау бөлігінде заңнама талаптарын ескере отырып және эмитент акцияларды ұйымдастырылған нарыққа орналастырған жағдайда бағалы қағаздардың бағасын белгілеуге әсер ететін өзге факторларды ескере отырып, тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы қорытындысының негізінде нарықтық құны бойынша;
- теңгерімдік құны бойынша сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Теңгерімдік құнын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

